

Әдебиет

ШОРТАНБАЙ
ҚАНАЙҰЛЫ

шығармалары

МАЗМҰНЫ

Қ. Мәдібаева. ЗАР ЗАМАНЫҢ АЙТУЛЫ АҚЫНЫ	3
БІРІНШІ БӨЛІМ	
ТОЛҒАУЛАР, АЙТЫСТАР, ДАСТАНДАР	
ЗАР ЗАМАН	10
ЗАМАН АҚЫР	20
«БАЛА ЗАРЫ» ЖИНАҒЫ, ҚАЗАН БАСЫЛЫМЫНЫҢ ФОТОКӨШІРМЕСІ	31
ЗАР ЗАМАН	50
АЛДАУШЫ ЖАЛҒАН	59
БАЛА ЗАРЫ	63
ШОРТАНБАЙДЫҢ ӨЛЕР АЛДЫНДА ҚАТЫН-БАЛА, ЕЛ-ЖУРТЫНА АРЫЗДАСЫП АЙТҚАН НАСИХАТ СӨЗДЕРІ	73
КӨЗ КӨРГЕН ҚАЗАҚ БАТЫРЫ	94
«ХАН КЕНЕ КЕТТІ АРАДАН...»	94
КЕЛЕР ЗАМАН СИПАТЫ	95
АҚЖОЛТАЙ БАТЫР	100
ШОРТАНБАЙ МЕН ОРЫНБАЙ АҚЫН	115
ШОРТАНБАЙ МЕН ШӨЖЕНІҢ АЙТЫСЫ	119
ШОРТАНБАЙ МЕН АСАН БУҒЫНЫҢ АЙТЫСЫ	120
ҚОЖА, МОЛДА	122
ҚАПАЛЫҚ	123
ЖАМАН МЕН ЖАҚСЫ	124
ҚАРАКЕСЕК	126
«ЖИЫРМА БЕС» ӘНІ	133
«АТАМЫЗ – АДАМ ПАЙҒАМБАР...»	134
«ЗАР-ЗАР ЗАМАНЫ, ЗАР ЗАМАН...»	159

ШОРТАНБАЙ МЕН ОРЫНБАЙ АЙТЫСЫ	170
ШОРТАНБАЙ АЙТҚАН ЕКЕН	174
ШОРТАНБАЙДЫҢ ҚАРҚАРАЛЫДА БОЛҒАНЫ	175
ТҮСІНІКТЕР	179

Екінші бөлім

ШОРТАНБАЙ МҰРАСЫ СЫН-ЗЕТТЕУЛЕР, МАҚАЛАЛАР

М.Әуезов. ЗАР ЗАМАН АҚЫНДАРЫ	182
ШОРТАНБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫ	185
С. Мұқанов. ЗАР ЗАМАНЫҢ ЖАҒДАЙЫ	192
ШОРТАНБАЙ ҚАНАЙУЛЫ	196
Ы.Дүйсенбаев. XIX ҒАСЫРДЫҢ 50-70 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ	210
С. Талжанов. ШОРТАНБАЙ ҚАНАЙУЛЫ	221
Қ.Жұмалиев. ШОРТАНБАЙ ҚАНАЙУЛЫ	235
Х. Сүйіншілиев. ШОРТАНБАЙ ҚАНАЙУЛЫ (1818-1881)	260
М. Жармұхамедұлы. ШОРТАНБАЙ ҚАНАЙУЛЫ	281
С. Қирабаев. СУРЕТКЕР АҚЫН	302
Т. Кәкішев. АЛАҚАНДАЙ БЕТ ҚАҒАЗ, ТАБЫНАРСЫҢ МАНДАТҚА	313
М. Мағаулин. ШОРТАНБАЙ	322
ЗАР ЗАМАН САРЫҢДАРЫ	323
К. Хүнісегі. ҒҰМЫРНАМА	325
Т. Тебегенов. ШОРТАНБАЙ	335
М. Үмбетбаев. ШОРТАНБАЙ ӨЛЕНДЕРІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК АХУАЛ	348
С. Дәрбібайұлы. ШОРТАНБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ШАРИҒАТ ЗАҢДАРЫ	368
Р. Әбдіқұлова. ШОРТАНБАЙ АҚЫН МҰРАСЫН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ	375

3. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 бет.
4. Калыгул Бай уулу (Элге кенен таратан ырлар жыйнағы). – Бишкек: Китеп, 1992. – 48 бет.
5. Сағындықұлы Б. Ғаламның ғажайып сырлары. – Алматы: Ғылым, 1997. – 296 бет.
6. Василий Радлов. Алтын сандық. – Алматы: Ана тіл, 1993. – 256 бет.
7. Қазақ Совет энциклопедиясы. 1 – Том. – Алматы: ҚСЭ Бас редакциясы, 1972. – 648 бет.
8. Жұмалиев К. Әдебиет теориясы. – Алматы: Мектеп, 1969. – 244 бет.
9. Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы: Мектеп, 1970. – 379 бет.
10. Қанайұлы Шортанбай. Қайран халқым. – Алматы: Раритет, 2002. – 216 бет.
11. Арыстанбек. Ырлар. – Бишкек: КЭ Башкы ред., 1994. – 180 бет.
12. Муфтий Равиль Гайнутдин, Марат Муртазин. В молитве спасение. – М.: Московская типография № 9, 1998. – 64 с.

Самал Дәрібайұлы

ШОРТАНБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ШАРИҒАТ ЗАҢДАРЫ¹

Дүниедегі әр жаратылыс тек Алланың шеберлігі мен шексіздігін, құдіреттілігін еске салушы. Фәни дүние – пендеге Алланың құдіретін, жаратылыстың сырын тану үшін берілген тамаша мүмкіндік қана емес, халифалыққа лайық қызмет етуге арналған сынақ өмір. Себебі, адам баласы жер бетіндегі өзінің осы ұлы миссиясын жете түсінбейінше, жан азығынан гөрі тән азығына сұраныс көбірек болады.

Он сегіз мың ғаламның жаратылуы туралы пайымдаулары сөз асылын саралаған ақын-жыраулардың Құран аяттарының терең түсініп тәпсірлегенін көрсетеді. Діни тақырыптағы өлең – толғауларында олар өз тыңдаушысын алдымен «бізді кім жаратты?», «не үшін жаратты?», «жаратылысымыздың мақсаты неде?» деген сауалдарға жауап іздеуге шақырады. Соның бірі – XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі

¹ Мақала жинаққа арнайы әзірленді. – Құраст.

Шортанбай Қанайұлы. Заманның зарын жырға қосқан Шортанбай өз оқырманына:

Алақандай ай мен күн –
Ғаламның орта жарығы,
Жаббардың екі болмайды,
Әмір қылған жарлығы, – [1, 275 б.]

деп Алла әмірімен болған істің мінсіздігін мойындай отырып мақұлдата, тыңдата отырып таңырқата түседі. Жаратушының жер бетіндегі тіршілікті мән-мағынасыз емес, пенделерінің игілікті ісі үшін тарту еткенін ақын осы шумақпен-ақ салмақтаған.

Жаратылыс – Алланың адам игілігі үшін тартқан ғажайып сыйы болса, сол игіліктің қайтарымы адам баласының иманы, Алланы нұрлы жүрекпен тануы болмақ. Өзіне арналған нығметтің қадірін біліп, шын жүрегімен Жаратушы жүктеген парыздарды өтеу, таза ниет – барлық игілік пен ізгіліктің баптауы. Бұл дәрежеге рухани кемелденген пенде ғана лайық. Орта ғасырдағы «кемел адам», ақын-жыраулар поэзиясында «жақсы адам», ал кейін қазақ поэзиясында Абай айқындай түскен «толық адам» түсінігінің темірқазығы да – халифалық. Адам адам болып жаратылғандығы үшін ғана халифалық деңгейге көтеріле алмайды. Жаратылыс мәні тек жүрек көзі ашылғанда ғана мағыналы және оны Алланың халифасы дәрежесіне лайық болуға бұл дүниеде еткен амал-әрекетінің ғана жетелейтіні хақ.

Алла Тағала Жер жаһанда жаратылған барлық нәрсені Адамға бағынышты етіп, оны өзге тіршілік иелеріне бұйырмаған ерекше құрметке бөледі. «Расымда Адам баласын ардақтадық... Әм оларды жаратқандарымыздың көбінен неқұрлым артық жараттық» (Ісра сүресі, 70 аят) [2] дейді Жаратушының өзі. Сондықтан да Адам баласының тіршіліктегі ең абыройлы міндеті өзін Жаратқан Иесіне құлшылық ету бағыну.

Ұлт рухын көтерудің ең негізгі алғышарты – Аллаға мойынсуну, Оның әмірімен болған жаратылыстың сырына үңілдіру екенін терең түсінген Шортанбай Қанайұлының заман райына алаңдаушылық білдіріп айтқан:

Атамыз – Адам пайғамбар,
Топырақтан жаралды.
Мұсылман, кәпір халық боп,
Сол Адамнан таралды.
Бір-біріңе беріскен,
Дәм мен тұзың халалды.
Ұрлық пенен қорлықтан,
Өтірік, ғайбат, зорлықтан
Бойыңды тартып тек жүрсен,
Көрмессің деген залалды.
Белгісі деген бейшілтің
Жазғы салқын самалды.
Тәркі деген тамұқтың
Қысқы суық амалды, – [3,74 б.]

деген өлең жолдары да жоғарыдағы аяттардың тәпсірі болатын. Өлең-толғауларында шариғат шарттарын кеңінен насихаттаған ақынның шығармаларына Адам Ата мен Хауа Ананың мәңгілік жұмақтан қуылып, қиындық көрген оқиғасы да өзек болған. Ақын «бойыңды тартып тек жүрсен, көрмессің деген залалды» деген пайымдауымен Адам Ата мен Хауа Ананың ібілістің азғырғанына еріп Алланың қаһарына ұшырағанын меңзейді. Бұл оқиға жөнінде Таһа сүресінің аяттарында: «Сонда Адамға: «Күдіксіз осы, саған да, жұбайыңа да дұшпан. Екеуңді жанаттан шығарып жібермесін. Сонда машақат тартасындар» дедік». (117); «Ақыр шайтан оған азғыру жүргізіп: «Әй, Адам! Саған мәңгілік ағашын және таусылмайтын салтанатты көрсетейін бе?» – деді. (120); «Сонда екеуі одан жеді. Дереву ұятты жерлері көрінді. Сондықтан екеуі де жаннаттың жапырақтарын жаба бастады. Адам (F.C.) Раббына күнәкәр болып, жолдан тайды». (121) деп баян етіледі. Құран аяттарында берілгендей, Алла Тағаланың бұйрығын орындай алмаған Адам Ата мен Хауа Ана жұмақтан қуылып, көптеген сынаққа ұшырады. Адам баласының түрлі қиындықтарға ұшырауы да осы кезеңнен басталған. Сол секілді Адам Ата мен Хауа Ана тұрған пейіштің «жазғы салқын самалындай» болып суреттелуі осы сүренің 119 аятындағы «Сондай-ақ шөлдемейсің де күннің ыстығы өтпейді» деген жолдарды еске түсіреді.

Шортанбай ақын діни тақырыптағы өлеңдері арқылы адамзат баласының Алла аманатына адал, пенделіліктен ада болуын арман етеді. Иманы кәміл пендені ғана заманның зауалы мойыта алмасын алға тартады. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында дайындалған «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты академиялық жинақта берілген «Шортанбай азып-тозған заман жайын сөз еткенде де, өзінен бұрынғы діндар ақындардың ой-пікірлерін басшылыққа алып отырды. Ол өз жырларында «сопыаллаяр» кітабын жиі атап, соған жүгіне сөйлесе де, көптеген толғауларында Қожа Ахмет Иассауидің бағыт-бағдарынан әсте бір ауылқымайды. Бұл дүние мен ол дүниенің мән жайын әңгіме еткенде де, сол төңіректен табылатынын көреміз. Ақын жырларының асыл табиғаты өзіне ұстаз тұтқан Қожа Ахмет Иассауиден аулақ кетпейді, көбіне көп солармен үндес, мазмұндас». [4, 204 б.] деген тұжырым да жоғарыда айтылған пікірді бекіте түсері сөзсіз. Жалпы, «зар заман» деп айдар таққан кезеңде қазақтың қамкөңіл көңіліне медеу болар тіректің Жаратушы Алладан ғана боларын ақын терең сезінді. Ата дәстүрдің тамырына балта жүзі тие бастаған шақта ақын алты алаштың баласын адастырмас жалғыз жол тек шариғатпен ғана келерін айқындай түсті. Белгілі әдебиеттанушы ғалым Қ.Мәдібай да ақын шығармашылығы жөнінде: «Шортанбай әлеміне оңаша ой бөліп, жүрекпен, сезіммен келгенде ашар сыр аз емес. Оның өлеңі адам баласының опасыз жалған дүниеден іздегені мен тапқанын, тіршілікке трек егер мұрат-мақсатын көлденең тастайды. Жаратылыстың ештеңеге бағынбайтын өктем, ұлы заңдарын мойындатады» [5, 156 б.] деген пікір білдіреді.

Хандық институт тұсындағы жыраулардың соңғы өкілі ретінде танылатын Бұқар Қалқаманұлының «Бес уақытта бес намаз, біреуі қаза қалмасқа» деген өсиетін кейінгі сөз маржанын терген ақын-жыраулар да жалғастырып, пенде тіршілігіндегі ұлық амалды ардақтайды.

Құбылаға бас қоймақ –
Мұсылманның тарығы.
Ораза, намаз Қылғанның
Көңлінде құдай барлығы, – [6,275 б.]

деп толғаған Шортанбай Қанайұлы пәни дүниеде дін исламның адамзат баласына арналған парыз амалдарынан артық үлкен сый жоқ екенін меңзейді. Ақын енді бірде пәниден бәзәһіңа көшкен пенденің жалған тірлікте біліп-білмей істеген күнәларына қалқан болар жалғыз медет тек намаз – оразадан ғана болатынын да:

Сираттың желі соққанда,

Ораза – намаз панаң-ды, – [6, 277 б.]

деп ескертеді. Шортанбай ақынның пәни тірлікте орындаған қасиетті парыздардың қиямет күні пана болатынына жамағатты ұйытуы сол тұстарда көбейіп кеткен аятты өмірден көрмейтін дүмше моладалардың уағызына қарағанда әлдеқайда тиімді болды.

Жоғарыда келтірілген мысалдардан Шортанбайдың намаз, ораза парыздарына ерекше ықыласпен мән бергенін аңғару қиын емес. Ол мұсылманшылықты жайдақ насихаттауды мақсат еткен жоқ. Керісінше қасиетті Құран Кәрімнің әр сүресіне, әр аятына тәпсір жасай отырып, өз оқырманшына Алла аманатпаған парыздарды түсіндіріп, оған ұйығуды көздейді. Ақын өлеңдерінде айтылған ойлар ардақты пайғамбарымыз Мұхаммед(ғ.с.)ның өсиетімен сабақтаса отырып тыңдаушы жамағатқа тұнығы бұзылмай жетті.

Алланың сүйген құлының қатарынан көрінуді армандаған мұсылман – уа-л йаумил ахири-фәнидің ең ақырғы күні болатынына сенеді. Қасиетті Кітапта ақырет күні туралы көптеген аяттарда баяндалады және Қиямет атты сүре де түскен. Дегенмен қиямет күнінің нақты қашан болатынын білген біреу айту мүмкін емес. Ол тек Жаратушының құзырында. Бұл туралы Ағраф сүресінің 187 аятында: «(Мұхаммед ғ.с.) олар сен мен қияметтің қашан болатындығын сұрайды. «Шынығың оның мәліметі Раббымның қасында. Оның мәліметі сен ештеңе білдіреді. Көктер мен жердегі ауыр жағдап (барып) сендерге кенеттен-ақ келеді» де. Сен оны дерттен оларға өкпенің ақ сұрастырады. Шынында оның билімі Аллағандық екеніңді, бірақ адамдардың көбі оны түсінбейді» деп делінген. Ол секілді Имам Муслим риуаят еткен Мұхаммед ғ.с. жамалықпен де «Сұралушы Қияметтің басталуы туралы сұрайды, бірақ артық білмейді» деп түсіндіріледі. [7, 31 б.] Шортанбай бұл жауапты Қиямет күнінің нақты келетінін білген

ген Жәбірейіл (ғ.с.) періштеге бағыштап айтқан. Сонымен бірге ұлы пайғамбарымыз Мұхаммед (ғ.с.) Жәбірейіл (ғ.с.) періштенің сұрауына орай ақырғы күннің алдындағы белгілерді де ескертеді.

Ақын – жыраулардың толғауларында бұл күн қиямет күні, таразы күні, ақырет күні, ақырзаман, сират күні, Ара-сат күні деп айтылады. Сол секілді ақырғы күннің қалай болатыны мен оның мезгілінің жақындау белгілерін Құран аяттарына сүйене отырып тәпсірлейді. «Ақырет күні – адамдар қабірлерінен тұрып, мына фәни дүниеде істеген амалдары үшін Аллаһ Тағалаға жауап беретіен күн. Ол күні Аллаһ Тағаланың жарылқауына лайық болғандар жәннатқа барып, Аллаһ Тағаланың азабына лайық болғандар тозаққа душар болады.» [7, 75 б.]

Қасиетті Кітаптың Қиямет сүресінде бұл күн туралы былай дейді: «Адам баласы, біз сүйектерді жинай алмайды деп ойлай ма? (3). Әрине, оны саусақтарының ұшына дейін қайта жасай аламыз (4). Бірақ адам баласы күнәні жалғастыра бергісі келеді. (5) «Қиямет күні қашан болады?» – деп сұрайды (6). Қашан көз шағылысқан (7), Ай тұтылған (8), Күн мен Ай бір араға келтірілген кезде. (9). Адамдар сол күн: «Қашар жер қайда?», - дейді. (10). Жоқ, әсте пана жоқ. (11). Ол күнгі тұрақ-Раббыңның алды. (12). Сол секілді Нәбә сүресінің 17-28 аяттарында да осы күні адамзат баласының Жаратушының алдында өз істеріне есепке шақырылатыны жөнінде: «Расында билік күні, белгілі болған бір мерзім. Сүр үрілген күні, топ-топ келесіндер. Көктер сөінеп есіктер пайдә болады. Таулар жүргізіліп, сағым болады. Әлбетте тозақ күтіп тұрады. Олар онда салқындамайды да сусын таппайды. Аңғандардың барар жері. Олар онда ғасырларша тұрады. Олар онда салқындамайды да сусын таппайды. Бірақ қайнап тұрған су және ірің ішеді. Қылмыстарына сай бір жаза. Білгені олар, есепке тартылууды ойламаған еді. Аяттарымызды мүлде жасынға шығарған еді» делінген болатын. Шортанбай Қанайұлы да қиямет күнін адамзат баласының Алла алдында жауапқа тартылар уақыт ретінде:

Дүние деген осы ғой,
Жалғыз маған ерді ме